ШАЛҚАР

АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Газет 1932 жылы 20 тамыздан шығады

№9 (8856) 29 ақпан, бейсенбі, 2024 жыл shalkargazeti1932@mail.ru shalqargazeti.kz

КЕЗДЕСУ

«АУҒАННЫҢ ОТ ЖАЛЫНЫ»



15 ақпан — Ауғанстаннан Кеңес әскерлерінің шығарылғанына 35 жыл толуына орай аудандық тарихи-өлкетану музейінде экскурсия жүргізушісі А. Қуанжанова мен №6 орта мектебінің ұйымдастырушы педагогы С.Шүйіншалинаның бірлесе ұйымдастыруымен «Ауғанның от жалыны» атты ардагерлермен кездесу кеші өтті.

Шараға интернационалист жауынгерлер Ә.Ахмет, Ж.Алдияров, Е.Ахметов, П.Есқалиев қатысты. Мектептің 10-сынып оқушылары Д.Сембай мен К.Анапин М.Сергеевтің «Жауынгер хаты» өлеңін оқыса, 4 «ә» сынып оқушылары «Сарбаздар» әнін тарту етті.

Ауған соғысының ардагерлері оқушылар тарапынан қойылған сауалдарға жауап беріп, соғыстың ауыр күндерін еске алып, өздерінен кейінгі ұрпақтарының бейбіт, тыныш заманда өмір сүрулеріне шын ниетпен тілектестік білдірді.

Кеш соңында музей бөлімдеріне экскурсия жасалды.

С. ШҮЙІНШАЛИНА,
№6 орта мектебінің ұйымдастырушы педагогы.